

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясы қызметкерлерінің мамандығы бойынша жұмыс стажын есептеудің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2002 жылғы 22 сәуірдегі N 325 бүйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 12 мамырда тіркелді. Тіркеу N 1850. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 21 мамырдағы N 291 бүйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2008.05.21 N 291 бүйрығымен.

----- Бүйрықтан үзінді -----

"Нормативтік құқының қарастырылған көмекшелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының нұсқасынан 1-1 тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір бүйрықтарының нұсқаларынан жоюлды деп танылсын.
2. Заң департаменті (Р. Әділет министрлігі) осы бүйрықтың нұсқасынан шірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жіберсін.
3. Осы бүйрықтың ол жағынан көйілған күннен бастап күншіне енеді.

Министр

Ж. Тұмебаев

**Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігінің
2008 жылғы 21 мамырдағы**

N 297 бүйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нұсқасынан жоюлған кейбір бүйрықтарының тізбесі

1

2. " Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясы қызметкерлерінің мамандығы бойынша жұмыс стажын есептеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2002 жылғы 22 сәуірдегі N 325 бүйрығы (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқының қарастырылған көмекшелердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 1850 тіркелген).

3

4

5

6
7
8

9. ...

Ескерту: Бұйрықтың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 760 бұйрығымен (қолданысқа енгізу тәртібін 3-тармақтан қараңыз).

"Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қантардағы N 41 қаулысын іске асыру мақсатында **бұйырамын** :

1. Қоса берілп отырған Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясы қызметкерлерінің мамандығы бойынша жұмыс стажын есептеудің ережесі **бекітілсін**.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 760 бұйрығымен (қолданысқа енгізу тәртібін 3 - та r m a k t a n к a r a n y z).

2. Құқықтық қамтамасыз ету, бақылау және аудит басқармасы (М.М.Күзембаев) осы бұйрықты заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Бұйрық 2002 жылғы 1 қантарынан бастап күшіне енеді.

Министр

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігімен
2002 жылғы 2 сәуірде
бекітілген

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
министрлігінің
2002 жылғы 22 сәуірдегі
N 325 бұйрығымен

Қазақстан
Мемлекеттік
жөніндегі
Келісілген

Республикасы
қызмет істері
агенттігімен

2002 жылғы _____

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
мемлекеттік басқару академиясы қызметкерлерінің
мамандығы бойынша жұмыс стажын есептеудің
ережесі

Ескерту: Ереженің атауы мен мәтінінде "мемлекеттік қызмет" деген сөздер "мемлекеттік басқару" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Білім және ғылым

министрлігінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 760 бұйрығымен (**колданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз).**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясының (бұдан әрі - мемлекеттік басқару академиясы) ғылыми-педагогтік және ғылыми қызметкерлерінің, сонымен бірге Әдістемелік, ғылыми, техникалық қызмет көрсетуді іске асыруши және мемлекеттік басқару академиясының қызметін қамтамасыз етуші қызметкерлердің мамандығы бойынша жұмыс стажын есептеудің тәртібі мен шартын реттейді.

2. Осы Ережеге сәйкес анықталатын мамандығы бойынша жұмыс стажы құнтізбелік есептеу бойынша есепке алынады.

3. Құнтізбелік ай ішінде лауазымдық жалақысын арттыру құқығы пайда болған қызметкерлерге лауазымдық жалақы осындай құқық пайда болған қүннен бастап еңбек стажы ескеріле отырып есептеледі.

4. Мамандығы бойынша жұмыс стажын және мамандықтардың сәйкестігін мемлекеттік басқару академиясының еңбек стажын белгілеу жөніндегі комиссиясы айқындаиды, оның құрамын ректор бекітеді. Комиссия өз отырысын қажеттілік туған жағдайда өткізеді.

5. Комиссияның мамандығы бойынша жұмыс стажын белгілеу туралы шешімі хаттамамен ресімделеді. Шешімнің көшірмесі екі данада жасалады, бір нұсқасы - бақылау және қызметшілер құрамын басқару қызметіне, екіншісі бухгалтерияға беріледі.

6. Еңбек кітапшасы (ол болған ретте) немесе жеке еңбек шарты не жұмысқа қабылдау және жұмыстан шығару туралы бұйрықтан үзінді қызметкердің мамандығы бойынша жұмыс стажын анықтау үшін еңбек қызметін растайтын құжаттар болып табылады.

2. Ғылыми-педагогтік және ғылыми қызметкерлердің стажын есептеу

7. Мамандығы бойынша жұмыс стажына қызметі өткен қызмет саласына қарамастан мамандығына ұқсас лауазымдарда жұмыс істеген уақыты енеді, соңдай-ақ :

1) сол мамандық бойынша мемлекеттік қызметте болған уақыт;

2) теріс себептермен қызметтен шығарылған адамдардан басқа, офицерлік құрамдағы адамдардың, прaporщиктердің, мичмандардың мерзімнен тыс қызметтегі әскери қызметшілердің Қарулы Күштерде, Ішкі шекара әскерлерінде, Қазақстан Республикасы мен бұрынғы КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті органдары жүйесінде, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінде және Қазақстан Республикасының Республикалық ұланында міндетті әскери қызметін өткөрген, соңдай-ақ интернационалдық борышын орындаған, соның

ішінде әскери комиссариаттың анықтамасы болған жағдайда әскери қызметшінің тұтқында болған уақыты;

3) жүктілігі және босануы бойынша демалыс, сондай-ақ заңнамаға сәйкес берілген баланы күту жөнінде жалақысы сақталмайтын қосымша демалыс уақыты;

4) Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының, мәслихат депутатының екілеттіктерін жүзеге асырған уақыты;

5) жұмыстан заңсыз босатылып, кейіннен жұмысқа қайта орналастырылғанда еріксіз жұмыста болмаған уақыты, егер жұмысы мамандығына сәйкес келсе;

6) мемлекеттік мекеменің жолдамасы бойынша кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарында өндірістен қол үзіп оқыған уақыты, егер ол мамандығына сәйкес келсе;

7) аспирантурада және докторантурада оқыған уақыты;

8) шетелдерде ғылыми ұйымдарда және білім ұйымдарында ғылыми-педагогтік жұмыс атқарған уақыты;

9) ректор (директор), бірінші проректор (директор орынбасары, вице-ректор), оқу жұмыстары жөніндегі проректор (директор орынбасары, вице-ректор), ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор (директор орынбасары, вице-ректор), сырттай және кешкі оқыту жөніндегі проректор (директор орынбасары, вице-ректор), халықаралық байланыстар жөніндегі проректор (директор орынбасары, вице-ректор), тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор (директор орынбасары, вице-ректор), ғалым-хатшы, факультет деканы, институттың, филиалдың, орталықтың директоры, институт, филиал, орталық директорының орынбасары, бағдарламаның, курстың жетекшісі, кафедра менгерушісі, профессор, доцент, аға оқытушы, оқытушы, ассистент, оқытушы-стажер, стажер-зерттеуші, ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы бар лектор-әдіскер лауазымдарында ғылыми-педагогтік және басқарушы жұмыстар атқарған уақыты ;

10) Қазақ КСР Ғылым академиясында, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясында, мамандандырылған, қоғамдық академияларда (әрі қарай - Академия) және басқа да ғылыми ұйымдарда, егер олардың ғылыми қызметі негізгі болып табылса, президент, вице-президент, Академия тәралқасының бас ғалым-хатшысы, Академия тәралқасының тәрағасы, Академия тәралқасы тәрағасының орынбасары, Академия тәралқасының мүшесі, Академияның ғылыми бөлімшесінің академик-хатшысы, ғылыми бөлімшениң немесе Академия тәралқасының ғалым-хатшысы, Академия тәралқасы бас ғалым хатшысының орынбасары, филиал жетекшісі, орынбасары, институт директоры, орынбасары, ғалым хатшы, ғылыми құрылымның жетекшісі, бас ғылыми маман, жетекші ғылыми маман, аға ғылыми маман, ғылыми маман, кіші ғылыми маман

лауазымдарында атқарған ғылыми және басқарушы жұмыс уақыты;

11) жоғары оқу орындарының жаңындағы даярлау бөлімшелеріндегі педагогтік жұмысы, КСРО Ғылым академиясының, Қазақ КСР Ғылым академиясында, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының тілдер және философия кафедрасында атқарған педагогтік жұмыс уақыты;

12) жоғары оқу орындарында, олардың жаңындағы даярлау бөлімшелерінде, қосымша кәсіби білім беру оқу орындарында (біліктілікті арттыру және қайта даярлау) оқу жылындағы жүктеме мөлшері 225 сағаттан кем болмаған жағдайда сағаттық төлем бойынша атқарған іс жүзіндегі педагогтік жұмыс уақыты. Бұл жағдайда сағаттық төлем жағдайында жұмыс істеген және оқу жылында 225 сағаттан кем емес педагогтік жүктеме мөлшерін орындаған оқытушының ғылыми-педагогтік стажына әр айда орындалған педагогтік жүктеменің мөлшеріне қарамастан, тек педагогтік жұмыс орындалған айлар ғана есептеледі;

13) жоғары оқу орындарында белгіленген еңбекақы төлеу шарттары тарайтын мұғалімдердің білімін жетілдіру институттарында және кафедраларда ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы бар ректор, проректор (директор, директор орынбасары, вице-ректор), ғалым-хатшы, орталықтың директоры, орынбасары, бағдарламаның жетекшісі лауазымдарындағы жұмыс уақыты енеді.

3. Ғылыми-педагогтік және ғылыми қызметкерлер болып табылмайтын қызметкерлердің мамандығы бойынша жұмыс стажын есептеу

8. Мамандығы бойынша жұмыс стажына қызметі өткен қызмет саласына қарамастан мамандығына ұқсас лауазымдарда жұмыс істеген уақыты енеді, сондай-ақ :

1) мемлекеттік қызметте болған уақыты;

2) Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының, мәслихат депутатының өкілеттіктерін жүзеге асырған уақыты;

3) теріс себептермен қызметтен шығарылған адамдардан басқа, офицерлік құрамдағы адамдардың, прaporщиктердің, мичмандардың мерзімнен тыс қызметтегі әскери қызметшілердің Қарулы Күштерде, Ішкі шекара әскерлерінде, Қазақстан Республикасы мен бұрынғы КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті органдары жүйесінде, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінде және Қазақстан Республикасының Республикалық ұланында міндетті әскери қызметін өткөрген, сондай-ақ интернационалдық борышын орындаған, соның ішінде әскери комисариаттың анықтamasы болған жағдайда әскери қызметшінің тұтқында болған уақыты ;

4) егер мемлекеттік қызметкер шетелге кетер алдында мамандығы бойынша мемлекеттік мекемелерде жұмыс істесе және жолға кеткен уақытын есептемегендеге шетелден қайтып келген күнінен бастап екі ай ішінде мемлекеттік

мекемеге жұмысқа орналасса, шетелде жұмыс істеген уақыты;

5) жүктілігі және босануы бойынша демалыс, сондай-ақ заңнамаға сәйкес берілген баланы күту жөнінде жалақысы сақталмайтын қосымша демалыс уақыты;

6) жұмыстан заңсыз босатылып, кейіннен жұмысқа қайта орналастырылғанда еріксіз жұмыста болмаған уақыты, егер жұмысы мамандығына сәйкес келсе;

7) кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру курсарында өндірістен қол үзіп оқыған уақыты;

8) ұйымдарда мамандық бейіні бойынша ғылыми жұмыс істеген уақыты енеді

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК